

Т. Н. Сүлейменов, қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Сыбайлас жемқорлық — қауіпті әлеуметтік құбылыс

Анотация. Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны айқын. Әрбір қоғам дамуының күнегей жағымен қатар көлеңкелі тұсы да бар қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуатын жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту — әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады

Түйін сөзер: сыбайлас жемқорлық, ұлттық қауіпсіздік, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, құқық бұзушылықтың алдын алу, экономиканың дамуы, органдар, конституциялық құқық, тосқауыл.

Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Барлық құқық қорғау жүйесі жұмысының сапасын арттыру қажет. Зор өкілеттілік пен құқық иеленген шенділер мінсіз мінез-құлқымен және жоғары кәсіби деңгейімен ерекшеленуге тиіс. Аса маңызды міндет — сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Қылмыспен күресуде және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету — әрбір құқықтық мемлекеттің міндеті болып табылады», — деп атап кеткен [1].

Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны айқын. Әрбір қоғам дамуының күнегей жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуатын жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту — әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Елбасы «Жемқорлық — жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып саналады. Біздің түпкі мақсатымыз — жемқорлықты құбылыс ретінде жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті қатаң күшейту», — деп мәлімдеген. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу туралы» Заңның басты мақсаты — азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың жолын кесу және ашу болып табылады [2]. Мемлекеттік тиісті органдар сыбайлас жемқорлықпен күресті жүйелі түрде жалғастырып, пәрменді шаралар көріп отырғаны баршаға белгілі. Оның айтарлықтай нәтижесі де бар. Олар туралы бұқаралық баспасөз бетінде, теледидар және радио арқылы қоғам мүшелеріне жеткізіліп жүр.

Болашақ дамуымызға едәуір кедергі келтіретін теріс құбылыс — сыбайлас жемқорлық екені баршаға аян. Қазақстан халқы бүгінде сыбайлас жемқорлықпен күрес еліміздің дамуының кепілі деген тұжырым жасап отыр. Осы қауіпті құбылыспен күрестің өте өзекті екендігін айрықша атап өткен жөн. Өйткені, қоғамға жат, елдің өркендеуіне кедергі келтіретін аса күшті құбылыс — ол сыбайлас жемқорлық. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы пәрменді тосқауыл қоятын көптеген шаралар көрсетілген.

Сыбайлас жемқорлық — қауіпті әлеуметтік құбылыс [3]. Осы құбылыспен күресетін тарихы тереңде жатыр. XX ғасырдың аяғы сыбайлас жемқорлыққа байланысты проблемаларға ерекше мән берумен бірге, осы тұрғыдағы құбылыспен күрес жүргізуге арналған сан қырлы ғылыми ізденістердің өсуімен де ерекшеленеді.

Сыбайлас жемқорлық ұғымы азаматтық қоғамда бірінші жағы үйреншікті құбылысқа айналса, ал екінші жағынан Қазақстан қауіпсіздігіне, біздің ел экономикасының дамуына кереғар әсер ететін факторға айналуға. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты біздің елімізде бұл құбылысқа қарсы бағытталған заңдылық және ұйымдастырушылық шаралары іске асырылуда.

Сыбайлас жемқорлық азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзуға әкеліп соғады. Көптеген жылдар бойы жүргізілген әлеуметтік зерттеу азаматтардың басым бөлігін ойландыратын маңызды мәселелер арасында бірінші орынға сыбайлас жемқорлықпен күрес шыққандығын дәлелдеп отыр.

Сыбайлас жемқорлықтың өріс алуы мемлекеттік аппараттың жұмысына нұқсан келтіріп, оның беделін түсіреді. Қоғамдық санада өкімет органдары қызметі жұмысының тиімсіз екенін, олардың құзыретінің әлсіз екендігін көрсетеді. Халықтың өкіметтен алшақтауы орын алады. Осының бәрі мемлекет пен қоғамның саяси қауіпсіздігіне нақты қауіп төндіреді.

Жоғарыда айтылғанды қорыта келе, үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын бұл құбылыс кешеуілдеуді кешірмейді, көлгірсіген сайын кеңістігін ұлғайта беретінін естен шығармағанымыз жөн. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтармен айналысуының негізгі себептері мыналар болып табылады: мемлекеттік қызметшілердің құқықтық білім дәрежесінің төмен болуы; құқық бұзушылыққа немқұрайды қарайтын, қызметтік тәртібі төмен кейбір мемлекеттік органдар; кейбір мемлекеттік қызметшілердің мемлекет мүддесін емес, өзінің жеке басының жайын ойлау; кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы заң талаптарын орындау жөніндегі жұмысының мардымсыздығы; Әрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарын шырмап, тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Оны емдемес бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек. Ол үшін бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажет. Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда ғана халық сенімінің мүддесінен шығатынымыз сөзсіз. Әрбір азамат өзінің конституциялық құқығын қорғауға міндетті. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік 50 мемлекеттің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз деген ойдамыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша // Сақшы. 2015. қараша.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Қазақстан Республикасының 1998 ж. 2 шілдедегі № 267-1 Заңы (2014.29.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // www.online.zakon.kz
3. Ағыбаев А. Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім: Оқулық. — Алматы, 2004.

Резюме

В статье рассматриваются некоторые вопросы борьбы с коррупцией в Республике Казахстан.

Resume

In this scientific article discusses some of the issues of combating corruption in the Republic of Kazakhstan.